



2-сурет – АМӨЗ ағынды су жағалауындағы топырақ құрамы

Айналамызды қоршаған табиғи ортаның сапасы – технологиялық талап пен адам қажетіне оның сипаттамасының сәйкестік дәрежесі деп түсіндіріледі. Барлық табиғат қорғау шараларының негізіне қоршаған табиғи орта сапасын бақылау, мониторингтеу, нормалау жатады. Бұл шараға сәйкес қоршаған табиғи ортаға адамның шекті рұқсат етілген әсерінің нормативін анықтауды талап етеді.

Табиғат қорғау заңдарына сәйкес экологиялық нормативті сақтау, яғни табиғи орта сапасын анықтайтын нормативтер:

- халықтың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- адам, өсімдік пен жануарлардың генетикалық қорын сақтау;
- тұрақты даму жағдайында қайта өндіру мен тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Қоршаған табиғи ортаның сапасы жоғарылату үшін, экологиялық нормативтің табалдырық шегін неғұрлым азайту қажет. Бірақ ең жоғары сапа сәйкесінше үлкен шығынды, тиімді технология мен бақылаудың сезімталдығы жоғары құралды талап етеді. Сондықтан да қоршаған табиғи орта сапасы қоғамның даму деңгейімен қатар өрбіп келеді.

Нормалаудың негізгі мақсаты атмосфераға зиянды заттардың мөлшерін мемлекет тарапынан реттеу, атмосфераға тасталатын ластаушы заттардың көлемі мен уыттылығын төмендетуге кәсіпорындарды ұмтылдыру және нысанның орналасқан ауданында атмосфералық ауаның сапасын нормативті деңгейде ұстап тұру үшін жағдай жасау болып табылады.

Зерттеулер негізінде мұнай өңдеу зауытының әсері бойынша Атырау ауа сапасы мониторингі станциясының деректеріне сай атмосфералық ауаның ластану жай-күйі бақыланды (2-кесте). Бақылау барысында Атырау қаласында атмосфералық ауаның 85 жоғары ластану және 15 өте жоғары ластану жағдайлары тіркелді. Атмосфералық ауада көміртегі оксидінің, азот оксиді мен диоксидінің, күкірт диоксидінің, күкіртті сутегінің орташа және максималды мөлшерлері анықталды [12, 17].

Өндірістік және техногендік апаттар мұнай мен мұнай өнімдерінің қоршаған ортаға – мұхит суларына, топыраққа, ауаға таралу деңгейін бірден арттырып, нәтижесінде тірі ағзалар үшін апаттық жағдайлар туындатады.

Мұнай мен газбен ластану адамның, қоршаған ортасының өзгеруіне, биосферадағы микроэлементтердің табиғи балансының бұзылуына әкелуі мүмкін.

Мұнай түскен кезде топырақ бөлшектері агрегатталады, оның кеуектілігі мен тығыздығы бұзылады, бұл аэрацияның, топырақтың температурасы мен су режимінің өзгеруіне әкеледі. Сәйкесінше топырақтың ферментативті белсенділігі төмендейді, ал ол өз кезегінде микроорганизмдердің белсенділігіне кері әсер етеді.

Сонымен қатар, ластанудың қосымша себептері көліктің жану өнімдері, мұнай, газ құбырларының жарылуы, зауыт жабдықтарының және мұнай мен газды сақтауға арналған ыдыстардың герметикалығының бұзылуы болып табылады.